

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

6. А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова «Алгебра. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық» / А., 2017
7. А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова. «Алгебра. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық» / А., 2018
8. А.Е. Әбілқасымова, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова «Алгебра. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық» / А., 2019
9. А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова «Алгебра. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық» / А., 2019

ӘОЖ 37.016:802:008.341.98

**ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ
МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Есмаханова М.А., педагогика ғылымдарының магистранты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қаласы

Камишева Г.А., қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Бұл мақалада шет тілін оқытудағы мәдениеттер диалогі қарастырылған. Мәдениеттің не екеніне тоқтала отырып, оның атқаратын қызметтерін жіктеген. Шет тілін үйрену кезінде мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда, тіл үйренуші өз мәдени қорын сақтай отырып, басқа мәдениетті меңгерген. Нәтижесінде мәдениетаралық қатысымның шет тілін оқытудағы маңыздылығы мен құзыреттіліктерді қалыптастыру жолдары ұсынылған.

Жаһандық даму кезеңінде шет тілін білсем, үйренсем, сол тілде емін-еркін қатынас жасасам дейтіндердің қатары күн өткен сайын артуда. Оған бір себеп дүниежүзілік аренаға шығу болса, енді бір себеп шет елдермен түрлі байланыстардың кеңінен етек жаюы. Осыған орай, елімізде шет тілін үйрену балабақша кезінен бастау алып, мектеп алды даярлық сыныпта жалғасын тауып, әрі қарай мектепті тәмәмдағанша үйренеді. Бұл біздің еліміздегі үштілділікті қолдаудың әсері және заман талабы. Қазіргі жас буынның тіл үйренуге деген құлшынысы өте жоғары. Жай қарапайым деңгейден бастап, күрделі жоғары деңгейді сатылап өтеді. Енді сол шет тілін оқыту кезінде тіл үйренушілер сол тілдің мәдениетін автоматты түрде үйренеді, әрі диалогтық қарым-қатынасқа түседі. Амандасудан бастап, қоштасуға дейін сөйлесім қатынасы жүреді. Шет тілін үйрену барысында тілдің фонетикасы, лексика-грамматикалық бірліктерін біліп қана қоймайды, сол елдің салт-дәстүрі мен тарихы және елтануымен танысады, яғни мәдениетаралық қарым-қатынас орнатады. Яғни төмендегідей мәдениетаралық қарым-қатынас пен құзыреттіліктерді жүзеге асырады: сөйлеу дағдылары дамиды; ана тілімен бірге шет тілінің лингвистикалық ерекшеліктерін түсінеді; мәдениетаралық және халықаралық қарым-қатынас орнайды; тыңдалым, қарым-қатынасқа, аударма мен сөйлесім арқылы жүзеге асады. Сонымен бірге тіл үйренушілерде түсіністік пайда болып, олар мәдениетаралық қатысыммен бірге сөйлеу қабілеттері мен өзіндік көзқарастары дамиды.

Мәдениет дегеніміз бір халықтың пайда болуымен қатар жүретін құбылыс. Ол барынша ауқымы кең, сол елдің тілінен бастап, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихын, атадан балаға жалғасып келе жатқан барлық рухани дүниелер: діні, ділі мен мұраты, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздері мен сол елдің атакты тұлғаларын қамтитын нысан. Мәдениеттің қоғамда көрсететін қызметтері сан алуан. Соның ішінде шет тілін оқытуда басты орын алатын мәдениет-

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

тің негізгі қызметтеріне тоқталар болсақ: адамды қалыптастыру қызметі, жалғастық, мұрагерлік қызметі, танымдық қызметі, реттеу қызметі, қатысымдық, қарым-қатынастық қызметі. Зерттеу жұмысының қарастыратын мәселесінің ұйытқысыдаосы аталған мәдениеттің қызметтерін қамтиды, өйткені бүгінгі күнде шет тілінен білім берудің басты көздейтін мақсаты мәдениетаралық қатысым жасауда құзыреттілікті қалыптастыру арқылы заманға және бәсекеге лайықты, шет тілінде қатысым жасаудың іскерліктерін игерген, білікті де білімді, сан қырлы маман даярлау.

Мәдениетаралық қатысымды ғалымдар көп зерттей келе, әрқайсысы өзіндік құнды пікір білдірген. Енді сол ғалымдардың пікіріне сүйенсек, орыс ғалымы И.И.Халеева «Мәдениетаралық қатысым – әртүрлі лингвомәдени қауымдастықтарға жататын қарым-қатынас серіктестерінің өзара әрекеттерінің жиынтығы» [1, 22] деп анықтама берген. Шет тілін оқытуда тіл үйренушілердің мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі бүкіл әлемдік мәдени жағынан сан түрлі елдердің әлемдік аренада өзара қарым-қатынас орнатуы үшін олардың дүниежүзілік интеграция үрдісіне енуі үшін қажеттілігі зор болып отыр.

Оқушының мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілігі білім алу ошағында шет тілдік білім берудің көрсеткіші болыптабылады. Енді сол мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалай қалыптастыра аламыз деген сұрақтың аясында ізденгенімде, ғалым О.А. Леонтовичтің: Мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілік үш құрамдас бөліктен, яғни тілдік, қатысымдық және мәдени құзыреттіліктерден тұрады. Тілдік құзыреттілік тілдік қарым-қатынаста тілдік құралдарды орынды пайдалана білу болса, қатысымдық құзыреттілік қарым-қатынас үрдісін ұйымдастыру механизмдері, әдістері мен тәсілдері, стратегиялары болса, мәдени құзыреттілік саяси релияларды, мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді, терминдерді, диалектизмдерді т.б. білу болып табылады [2, 32-33] деген пікіріне сүйендім.

Расымен де, осы айтып отырған үш құрамдас бөліктер бірге әрекет етсе, үздік нәтижеге қол жеткізе алар едік. Ал келесі ғалым Плужник И.Л. мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікке өзгеше тың түсініктеме беріп: «...мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілік бөтен мәдениет өкілінің ойы мен пікірін түсіну, қарым-қатынас жағдаятына қарай өз мінез-құлқын ыңғайлай білу, түсініспеушілік болдырмау, әртүрлі құндылықтар, мінез-құлық нормалары, өзгешеліктері болатынын мойындау болып табылады» [3, 6] делінген. Бұл пікір бойынша, тілді ғана үйреніп қоймай, сол елдің азаматтарының мінез-құлқын, өзгешеліктерінің болатынын да мойындау керектігі айтылған.

Сондай-ақ, неміс зерттеушілері К. Кнапп пен А. Кнапп-Поттхофф мәдениетаралық құзыреттіліктің төмендегі сипаттамаларына тоқталған болатын: адам ойлауының, іс-әрекетінің, мінез-құлқының, тіпті қатысымдық әрекетінің мәдени когнитивтік сызбаларға байланысты болуы; мәдениетаралық перспективаны қабылдау және оған дайын болу; туған ел тарихы мен мәдениетінің ерекшеліктерін білу; тілі оқытылып отырған ел мәдениетін, ерекшеліктерін білу; қатысымда мәдени детерминанттарға қатысты іс-әрекетті түсіне алу және түсіндіре алу; әртүрлі қатысымдық стильдерді білу, оларды мәдениетаралық қатысым жағдаятына қарай таңдау; тұлғаралық қарым-қатынастың басты ережелерін білу; қатысымдық компенсаторлық стратегияларды меңгеру; қарым-қатынас барысында мәдени ерекшеліктерге байланысты түсініспеушілік жағдайын анықтай және талдай білу; қарым-қатынас барысындағы түсініспеушілік жағдайды болдырмауға тырысу, түсініспеушілік орын алған жағдайда тіл табысуға тырысу [4, 84–85].

Тіл үйренушінің шет тілін үйрену барысында қатысымдық құзыреттіліктің жөні бөлек, дегенмен, шет тілдік қатысымдық құзыреттілік мәдениетаралық деңгейде қатысымның толыққанды жүзеге асуын барынша жоғары деңгейде қамтамасыз ете алмайды, сондықтан да шет тілін үйрену кезінде мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыру басты назарда болуы қажет. Шет тілін үйрене бастағанда тіл үйренушінің өз әлеуметтік және мәдени

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

қоры барын ескерген дұрыс. Өз мәдени қорын сақтай отырып, тіл үйренуші басқа мәдениетпен танысып, біліп, сол мәдениетті сезініп, қабылдай алғаннан кейін барып, тіл үйренуді бастағаны абзал. Сонда ғана жақсы нәтижеге қол жеткізе алады.

Нормалар мына нәрселерді: моральдық кодтар, адамның әлеуметтік ортадағы стандартты әрекеттері, мінез-құлық эталондарын қамтиды. Бұл нормаларды білу әр тіл үйренушілері мен үйретушілері үшін маңызды. Мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілік бүгінгі күні үйретуші үшін өте маңызды, себебі басты негізі-ол кәсіби ұшқырлық, осы күнгі маман күнделікті болып жатқан өзгерістер мен жағдаяттарға, сай әрекет жасауы керек. Бұл заманның үйретушісінің бойынан шетел тілін жаңа деңгейде, мәдениетаралық қатысым құралы ретінде игере алатын қабілет болғаны жөн.

Бүгінгі күні әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру мен жаңартылған білім беру мазмұнын игеру. Осыған орай, қазіргі кезде шет тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап – жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру, жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқу мен оқыту үдерісін енгізу. Бүгінгі оқыту жүйесінде сындарлы оқу мен оқыту тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Сабақтың қызықты, сапалы өтуі тікелей мұғалімнің шеберлігіне байланысты болады. Бір сабақтың әр кезеңдерінде түрлі әдістерді орнымен пайдалану арқылы, көп нәтижеге жетуге болады. Кейбір мамандар сабақта көп әдістер алсам, сабағым қызықты әрі нәтижелі болады деп ойлауы мүмкін. Бірақ бірақ бұл жаңсақ пікір. Шебер маман бір немесе екі ғана әдісті алып, сабағын нәтижелі әрі қызықты етіп өткізе алады. Сондықтан тек нәтижеге жұмыс жасау керек болады. Әр сабақты өткізерде, сабаққа сәйкес келетін әдіс-тәсілдерді іріктей отырып, тек нәтиже шығатын әдістерді, тиімді пайдалану керек. Сонда сен сұранысқа ие болатын, заман талабына сай тіл үйретуші ретінде тезірек танылатын боласың. Көптеген әдіскерлер мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілікті қалыптастыруды түрліше бағыттарда қарастырады.

Қорыта келе, мәдениетаралық құзыреттілік бұл – басқа лингвосоциум өкілімен өзара әрекет кезінде тіл көмегімен мәдениеттер диалогын жүзеге асыру болып табылады. Ашып айтар болсақ, тіл үйретіп отырған маман өз елінің мәдениетімен қоса, тілін үйретіп отырған елінің мәдениетін өзара ұштасытыра отырып түсіндіру. Яғни, мәдениетаралық құзіреттілік өз туған ел мәдениеті мен бөтен мәдениетті, екі елдің дүниесін қабылдауын салыстыра білу, өзгешеліктері мен ұқсастықтарын табу. Өз елінің мәдениетін тілі оқытылып отырған ел мәдениетін салыстыра отырып, тіл үйренушіде кешенді біртұтас мәдениетаралық білім (ерекше когнитивті құрылым) орнайды, ал бұл білімдер өзара толық түсіністікке жету үшін мәдениетаралық қарым-қатынас үрдісінде жүзеге асады. Сондықтан, тілді тек үйреніп, сол тілде сөйлеп қана қою аздық етеді екен. Сол тілін үйренген еліміздің мәдениетін, мінез-құлықтарын, әдет-ғұрыптарын, өзгешеліктерін біле отырып, өз еліміздің мәдениетімен салыстыра отырып үйрену оң нәтиже бермек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. И.И. Халеева «Основы теории обучения пониманию иноязычной речи» / М., 1989
2. И.Л. Плужник «Формирование межкультурной коммуникативной компетенции студентов гуманитарного профиля в процессе профессиональной подготовки», 2003
3. И.П. Смагина «Шет тілін оқыту мәдениетаралық қатынастың маңызды негізі», 2008
4. М.Р. Сабитова «Аударма және мәдениетаралық қарым-қатынас Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары Халықаралық қатынастар: теория-практика-ізденіс» / А., 1999
5. Ж.Ә. Әкімішова «Тіл – мәдениет феномені мәселесі»